

Ісмет Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебі

*Тақырыбы:...Ақ кимешек
көрінсе, сені көрем, Ақ
кимешек жоғалса.. Нені
көрем???*

Орындағандар: Байкөбекова Айнұр


2016
ЖЫЛ

Сабақтың мақсаты:

Ақынның өрісті ой, өшпес көркем мұрасын насихаттау, ақынды еске алу, оқушыларға ұлттық, адамгершілік тәрбие беру, оқушының мәнерлеп оқу шеберлігін шыңдау және Мұқағали Мақатаев өлеңдері бойынша мәнерлеп оқу сайысы.

- Білімділік: Оқушыларға қазақ халқының ұлттық бас киімдерінің ерекшеліктері, түрлері, пайдалану және тұтыну ерекшеліктері туралы түсінік беру.
- Дамытушылық: Оқушылардың эстетикалық талғамын арттырып, ұлттық киім тарихын зерттеуге қызығушылығын арттыру, ойын, қиялын, тілін дамыту.
- Тәрбиелік: Өз халқынның салт – дәстүрін сыйлауға, құрметтеуге, мақтан етуге, өркендетуге тәрбиелеу.

Міндеті: Сәндік қолданбалы өнер дегеніміз не? сұрағына толықтай түсінік береміз



**Мұқағали Мақатаев
(1931-1976) 85 жыл**




– Мақатаев Мұқағали Сүлейменұлы (1931-1976) қазақтың әйгілі ақыны. Туған жері Алматы облысының Нарынқол ауданындағы Шалкөде ауылы. Топырақ бұйырған жері Алматы қаласы. Балалық бал дәурені соғыста қаза болып, анасы Нағиман Мұқағалидың өкшесін баса туған үш ұлды өзі асырап жеткізген. Орта мектепті интернатта жатып бітірген Мұқағали еңбекке ерте араласып, ауылдық кеңестің хатшысы, қызыл отрудың меңгерушісі, комсомол қызметкері, жетіжылдық мектептің мұғалімі болады. Содан Нарынқол аудандық «Советтік шекара» газетіне орналасып, қаламгерлікке ден қояды. Мұнан соң «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің (1962-1963), «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») 1963-1965, «Жұлдыз» (1965-1972) журналдарының редакциясында, Қазақстан Жазушылар одағында (1972-1973) қызмет атқарады.



**I кезең «Ғасырда бір
туатын дарабоз» деп
аталады. Мұнда ақын
өлеңдерін мәнерлеп оқу.**

**II кезең «Жырлайды жүрек»
Мұқағали Мақатаев
сөзіне жазылған әндерді
орындау.**



**III кезең «Қазақ
қолөнері – асыл
қазына» өнер
сайысы**

Мына сандарды ретімен қойғанда сөз шығады.

9 25 20 5 42 15 7 32 23 11 40 18 50 28 45 36

Т С Б Ұ Д Ы Л И А Т М Қ Р К Е І

3 9 7 1 14 5 2 11 8 4 13 6 16 10 15 12

Әйелдердің бас киімдері



Тақия

Ерлердің тақиялары
кішігірім сәтен,
барқыт сияқты
маталардан әр түрлі
тәсілмен тігілген
баскиім.





Бөрік



Бөрік – аң терісінен тігіліп, жиегіне жұқа жүн не жібек тысталған матамен құлақсыз келген, ерлер де, қыздар да киетін баскиім.

Кимешек

Қастерлі, ел арасынан
үзілмей келе жатқан
әйел адамның бас киімі.
Кимешек ақ бұлдан
тігіліп, жиегін
астарлайды.



Бас киімнің ерекше бір түрі- Саукеле



Сарамандық жұмыс: Сәукеле дайындау.

Жоспар

- эскиз жасау
- үлгі дайындау
- үлгіні матаға салып пішу
- тысын дайындау
- әшекейлеу

Жасалу жолы



Сәукеле — әйелдің бас киімі, оны ұзатылған қыздар және оның жанына еріп жүретін құрбылар киген. Сәукеленің негізгі бөліктері — тәж, төбе, құлақбау және артқы бойы. Сәукеленің төбесі қиық конус тәрізді болып келеді. Оның төбесінде «Тәж» деп аталатын жартылай дөңгелек айдары болады. Оны асыл тас, алтын, күміс, меруерт, маржанмен өрнектеп, алтын жіппен әшекейлейді. Сәукеленің төбесінің биіктігі екі сүйем, кейде одан да биік болады. Сәукелені өлшеп пішіп алып, ішіне астар, сырт жағына бидай шүберек ұстап жиі етіп сыриды. Одан соң оның сыртын қамқа, дүрия, торғын сияқты асыл матамен тыстайды. Сәукелені әшекейлеу үшін оның тысының сыртынан зер жіптен тоқылған оқаларды белдеулен басады. Оның етегін мақпалмен не қара барқытпен әдіптел көмкереді. Ал маңдай тұсына зер не жібек шашақтың шоңғарын тағады. шашақтың сәукелеге жалғасқан тұсын асыл тастан көз орнатқан алтын, күміс түйреуіштермен бекітеді. Сәукеленің ең сыртынан шашақты, әшекейлі жібек матамен төгілтіп жауып қояды. Ол көйлектің етегі сияқты жерге сүйретіліп жүреді. Сәукелеге ұзын құлақбау тағады. Оны шегі шырайналдыра зер не жібек жіппен шалып көмкеріледі, түбіне сәнді түйреуіш түйреледі. Қазіргі кезде де кейбір жерлерде қалыңдықтың басына сәукеле кигізіл, ақ желек жабатындар да кездеседі.

Сәукеле – «сау келеді» деген мағына беріп, оны тек қалыңдық киген. Бас киімді теріс киюге болмайды. Ұлттық киімге айрықша мән берген ата - анамыз асыл сөздің кестесімен ұрпақ жүрегін тербеп, ой санасын игі адамгершілікке жетелеген.

Сөзжұмбақ құрастыру

Б ө р і к
т ы м а қ
С ә у к е л е
К и м е ш е к
т а қ и я
ш ә л і
М ұ р а қ

1. Әйелдер де, ер кісілер де киетін бас киім.
2. Ерлердің қыстық бас киімі.
3. Қалыңдық бас киімі.
4. Жас келін балалы болған соң киетін бас киім.
5. Тұрмыс құрмаған қыз балалар киетін бас киім.
6. Орамал тәрізді тоқылған әйел бас киімі.
7. Елбасы, ел ағалары киетін қалпақ түрі.